Хаттама №8

«Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«23» қыркүйек 2026 жыл

2026 жыл 23 қыркүйек күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7
Қатысқаны: 7

Күн тәртібінде:

2026 жылдың қыркүйек айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т.Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыссоз:

А.Амантайқызы (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)
2026 жылдың қыркүйек айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз. Мектептегі 440 оқушының 193 оқушысы ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп асханасының жағдайын, асхананың ішкі тазалығын, ыдыс –аяқтардың дұрыс жуылуын, азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімін қадағалап тексердік . Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріледі. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тоңазытқыштың да ішіндегі тағамдардың сақталу тазалығы қаралды.

А.Қабдолова (Ата-ана , комиссия мүшесі)
Мектептегі ыстық тамақтың ережеге сай берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отырғанын көрдік. Тамақ нормаға сай берілуде. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Тамақтану сапасының куәландыратын құжаттары тексерілді,түгел.

Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1.Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбибісінің уақытша міндетін атқарушы Р.Ізіоваға міндеттелінсін.

2. Қыркүйек айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.

Т.Калиева Комиссия төрайымы,мектеп директоры
Комиссия мүшелері:
А.Саркұлова Мектеп директорының уақытша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Г.Шоқан Қамқоршылық кеңес мүшесі
Р.Ізімова Мектеп медбибісі
А.Қабдолова Ата-ана
А.Амантайқызы Әлеуметтік педагог
Г.Өтепова Ата-ана